

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 126 шешімі

Ақпараттық-технологиялық коммуникациялар және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3-қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Еуразиялық экономикалық комиссияның Ақпараттық технологиялар департаменті Еуразиялық экономикалық комиссияның Кедендік инфрақұрылым департаментімен бірлесіп, осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеп, бекітеді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімінде орналастыруды қамтамасыз етеді деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының төрағасы*

*В. Христенко*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2015 жылғы 28 қыркүйектегі  
№ 126 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін мынадай актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

## **II. Қолданылу аясы**

2. Осы Қағидалар "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі шеңберінде орындалатын рәсімдерді сипаттауды қоса алғанда, осы процеске (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операциялардың орындалу тәртібіне бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын камтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің құрауыштарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

### **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – жалпы процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір әрекеттерді орындауға құқықтар беру;

"жалпы процесс рәсімдерінің тобы" – жалпы процестің ерекшелігіне қарай қандай да бір белгісі бойынша біріктірілген жалпы процестің рәсімдері;

"жалпы процестің ақпараттық объектісі" – жалпы процесс рәсімдерін орындау барысында туындауы, өзгеруі немесе тоқтатылуы (аяқталуы) туралы мәліметтер жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде берілетін мән-жайлар, әрекеттер немесе оқиғалар;

"орындаушы" – операциялардың орындалуына жауап беретін жалпы процеске қатысушы;

"тарихи деректер" – уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімі қалыптастарылған кезден бастап онда сақталатын және өзгерістер енгізу көзделмейтін ақпарат;

"ұлттық тізілім" – қалыптастырылуы мен жүргізілуін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің кеден органы жүзеге асыратын уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізілімі;

"жалпы процесс операциясы" – жалпы процеске белгілі бір қатысушының функциялары, міндеттері аясына кіретін кезекті, қайталанатын әрекет;

"жалпы процестің рәсімі" – жалпы процеске қатысушылар орындайтын және жалпы процесс шеңберінде нақты міндеттерді шешуге бағытталған жалпы процестің өзара байланысты операцияларының жиынтығы;

"жалпы процеске қатысушы" – Еуразиялық экономикалық комиссия, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы; сондай-ақ жалпы процестің нәтижелеріне мүдделі және жалпы процеске қатысуы Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерде регламенттелген заңды немесе жеке тұлға.

### **IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер**

5. Жалпы процестің толық атауы: "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану";

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: Р.СС.08, 1.1.1. нұсқа.

#### **1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері**

7. Жалпы процестің мақсаты уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді қалыптастыру және оларды жалпы процеске қатысушыларға ұсыну тетіктерін жетілдіру болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан (бұдан әрі тиісінше – мүше мемлекеттер, Одақ) заңды тұлғаларды уақытша сақтау қоймаларының иелері ретінде ұлттық тізілімге қосу, оларды осы тізілімнен алып тастау, қызметін тоқтата тұру (қайта бастау) туралы, сондай-ақ ұлттық тізілімдегі заңды тұлғалар туралы мәліметтерді өзгерту туралы ақпаратты алуын қамтамасыз ету;

б) Комиссияға келіп түскен ақпарат негізінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің автоматты түрде қалыптастырылуын және оның Одақтың ақпараттық порталында жариялануын қамтамасыз ету;

в) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінде пайдалану мақсатында уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы автоматты түрде ұсыну тетігін іске асыру ;

г) сыртқы ақпараттық жүйелердің сұрау салуы бойынша уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалана отырып беруді қамтамасыз ету.

## 2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

### Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

|                 | Атауы                             | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                     |
|-----------------|-----------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1               | 2                                 | 3                                                                                                                                                                                                                               |
| P.ACT.001       | Комиссия                          | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және пайдалануды қамтамасыз етуге жауап беретін Комиссияның құрылымдық бөлімшесі                                                                   |
| P.CC.08.ACT.001 | мүше мемлекеттің уәкілетті органы | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру үшін ұлттық тізілімді жүргізуге және оны Комиссияға ұсынуға, сондай-ақ кедендік операцияларды жасау және кедендік бақылауды жүзеге асыру кезінде уақытша сақтау |

|                 |               |                                                                                                                                                             |
|-----------------|---------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                 |               | қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді пайдалануға уәкілеттік берілген мүше мемлекеттің атқарушы билік органы                                   |
| P.CC.08.ACT.002 | мүдделі тұлға | өз қызметінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді пайдаланатын сыртқы экономикалық қызметке қатысушы, заңды немесе жеке тұлға |

### 3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің бағыты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

а) уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;

б) уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері;

в) мүдделі тұлғаларға уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған ұлттық тізілімдердегі мәліметтер негізінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, сондай-ақ уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен мүдделі тұлғаларға ұсыну жүзеге асырылады.

Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру кезінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына енгізілген мынадай жалпы процесс рәсімдері орындалады:

уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу;

уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту;

уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ақпарат беру кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген мынадай жалпы процесс рәсімдері орындалады:


уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу;

уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу;

уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу.

Мүдделі тұлғаларға ақпарат беру кезінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдерінің тобына енгізілген "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталы арқылы алу" рәсімі орындалады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процесс рәсімдерінің орындалу тәртібі Осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Әрбір рәсімдер тобы үшін жалпы процесс рәсімдері арасындағы байланысты және олардың орындалу тәртібін көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML графикалық нотация (моделдеудің біріздендірілген тілі – Unified Modeling Language) пайдаланыла отырып жасалған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

#### **4. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы**

15. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру мен жүргізу рәсімдерін орындау ұлттық тізілімде қамтылған мәліметтерді өзгерту (қосу, алып тастау) туралы ақпаратты мүше мемлекеттің уәкілетті органы алған кезден басталады.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органында ұлттық тізілімді жүргізу кезінде осы мемлекеттің заңнамасының талаптарына сәйкес заңды тұлғаны ұлттық тізілімге қосу туралы құжаттардың тіркеу нөмірлерінің бірегейлігі қамтамасыз етіледі.

Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу кезінде осы өзгерістер туралы мәліметтерді қалыптастырып, оны Комиссияға ұсынады. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 126 шешімімен бекітілген "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 126 шешімімен бекітілген "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Заңды тұлғаны ұлттық тізілімге қосу кезінде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу" (P.CC.08.PRC.001) рәсімі орындалады.

Ұлттық тізілімге енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді беру кезінде (заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне оны қосу кезінде мәлімделген заңды тұлға туралы мәліметтер өзгертілген жағдайда) "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.08.PRC.002) рәсімі орындалады.

Заңды тұлғаны ұлттық тізілімнен алып тастау туралы мәліметтерді беру кезінде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.08.PRC.003) рәсімі орындалады.

Егер ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу процесінде заңды тұлғаның ұлттық тізілімге қосылуын растайтын құжаттың тіркеу нөмірі өзгерген жағдайда, мәліметтерді ұсыну 2 рәсім: "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.08.PRC.003) және "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу" (P.CC.08.PRC.001) рәсімдері пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

16. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы орындалу схемасы

17. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

**Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**



|                 | Атауы                                                                               | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                             |
|-----------------|-------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1               | 2                                                                                   | 3                                                                                                                                                                                                                       |
| P.CC.08.PRC.001 | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу               | мүше мемлекеттің уәкілетті органы рәсімдерді орындау процесінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосуға арналған мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға беруді жүзеге асырады                   |
| P.CC.08.PRC.002 | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту | мүше мемлекеттің уәкілетті органы рәсімдерді орындау процесінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға беруді жүзеге асырады      |
| P.CC.08.PRC.003 | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау       | мүше мемлекеттің уәкілетті органы рәсімдерді орындау процесінде заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастау туралы мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға беруді жүзеге асырады |

## **5. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобы**

18. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салу алынған кезде орындалады.

Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен келіп түсетін сұрау салудың мынадай түрлері өңделеді:

уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу;

уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу;

уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу.


Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген

уақытша сақтау қоймаларының иелері туралы мәліметтерді уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған және Комиссияда сақтаулы мәліметтермен сәйкестендіру қажеттілігін бағалау мақсатында мүше мемлекеттің уәкілетті органы орындайды. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.004) рәсімі орындалады.

Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген барлық заңды тұлғалар туралы Комиссияда сақтаулы мәліметтерді алуы мақсатында орындалады. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерге не толық көлемде (тарихи деректер ескеріле отырып) не белгілі бір күндегі жағдай бойынша сұрау салынады. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге толық көлемде сұрау салу ақпараттық жүйеге уақытша сақтау қоймаларының иелері туралы мәліметтерді бастапқы жүктеу кезінде, мысалы жалпы процесті инициализациялау, оған жалпы процеске жаңа қатысушыны қосу, іркілістен кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде пайдаланылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC.08.PRC.005) рәсімі орындалады.

Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу кезінде сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейін уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылған немесе өзгерістер енгізілген мәліметтер ұсынылады. Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу (P.CC.08.PRC.006) рәсімі орындалады.

19. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы орындалу схемасы

20. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

**Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы                                                                                         | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                 | 2                                                                                             | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| P.CC.08.PRC.004   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жанарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу | рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген уақытша сақтау қоймаларының иелері туралы мәліметтерді уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтермен сәйкестендіру қажеттілігін мүше мемлекеттің уәкілетті органының бағалауына арналған |
| P.CC.08.PRC.005   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу                           | рәсім уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған                                                                                                                                                                                                                                                                |
| P.CC.08.PRC.006   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу  | рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген уақытша сақтау қоймаларының иелері туралы мәліметтерді уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтермен сәйкестендіруге арналған                                                            |


**6. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді мүдделі тұлғаларға ұсыну рәсімдерінің тобы**

21. Мүдделі тұлғаларға уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері Одақтың ақпараттық порталын пайдалану арқылы орындалады.

Одақтың ақпараттық порталы арқылы мәліметтерді ұсыну кезінде осы порталдың веб-интерфейсі не осы порталда орналастырылған сервистер пайдаланылады. Веб-интерфейс пайдаланылған кезде пайдаланушы браузер терезесінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді іздеу және (немесе) жүктеу параметрлерін береді, браузер терезесінде берілген уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміндегі ақпаратпен жұмысты жүзеге асырады.

Одақтың ақпараттық порталында орналастырылған сервистерді пайдалану кезінде өзара іс-қимыл мүдделі тұлғаның ақпараттық жүйесі мен Одақтың ақпараттық порталы арасында жүзеге асырылады.

22. Мүдделі тұлғаларға уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының келітірілген сипаттамасы 4-суретте берілген.



4-сурет. Мүдделі тұлғаларға уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері тобының жалпы орындалу схемасы

23. Мүдделі тұлғаларға уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 4 кестеде келтірілген.

4-кесте

**Мүдделі тұлғаларға уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы                                                | Сипаттамасы                                                                                                                                                           |
|-------------------|------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                 | 2                                                    | 3                                                                                                                                                                     |
| P.CC.08.PRC.007   | Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен | рәсім Одақтың ақпараттық порталы арқылы осы порталдың веб-интерфейсі не осы порталда орналастырылған сервистер пайдаланыла отырып, уақытша сақтау қоймалары иелерінің |

|  |                                                    |                                                         |
|--|----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|
|  | мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталы арқылы алу | жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді алуға арналған |
|--|----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|

## V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

24. Жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

### Ақпараттық объектілердің тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы                                                                     | Сипаттамасы                                                                                               |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                 | 2                                                                         | 3                                                                                                         |
| P.CC.08.BEN.001   | уақытша сақтау қоймасының иесі туралы мәліметтер                          | мүше мемлекеттің уәкілетті органы Комиссияға берген ұлттық тізілімнен мәліметтер                          |
| P.CC.08.BEN.002   | уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жай-күйі туралы ақпарат | уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жай-күйі (соңғы жаңарту күні мен уақыты) туралы ақпарат |
| P.CC.08.BEN.003   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімі                         | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген заңды тұлғалар туралы мәліметтер           |

## VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

25. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

26. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

### Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

| Кодпен белгіленуі | Атауы | Тип | Сипаттамасы |
|-------------------|-------|-----|-------------|
| 1                 | 2     | 3   | 4           |
|                   |       |     |             |


|           |                                                           |                           |                                                                                                                                                                                                                            |
|-----------|-----------------------------------------------------------|---------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| P.CLS.001 | әлем елдерінің<br>сыныптауышы                             | халықаралық<br>сыныптауыш | елдер атауларының<br>тізбесін және оларға<br>сәйкес келетін кодтарды<br>қамтиды (Кеден Одағы<br>Комиссиясының 2010<br>жылғы 20 қыркүйектегі<br>№ 378 шешіміне сәйкес<br>қолданылады)                                       |
| P.CLS.015 | көлік түрлері мен<br>тауарларды тасымалдау<br>сыныптауышы | халықаралық<br>сыныптауыш | көлік құралдарының<br>түрлері мен тауарларды<br>тасымалдау тізбесін және<br>оларға сәйкес келетін<br>кодтарды қамтиды (Кеден<br>Одағы Комиссиясының 2010<br>жылғы 20 қыркүйектегі<br>№ 378 шешіміне сәйкес<br>қолданылады) |
| P.CLS.025 | мүше мемлекеттердің<br>кеден органдарының<br>сыныптауышы  | өңірлік сыныптауыш        | мүше мемлекеттердің<br>кеден органдары<br>атауларының тізбесін<br>және оларға сәйкес<br>келетін кодтарды<br>қамтиды                                                                                                        |

## VIII. Жалпы процесс рәсімдері

### 1. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері

"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу" (P.CC.08.PRC.001) рәсімі

27. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу" (P.CC.08.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы 5-суретте берілген.



5-сурет. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу" (Р.СС.08.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы

28. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу" (Р.СС.08.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге мәліметтерді қосқан кезінде орындалады.

29. Бірінші "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосуға арналған мәліметтерді ұсыну" (Р.СС.08.PRC.001) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтерді қалыптастырып, Комиссияға ұсынады.

30. Комиссияға уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтер келіп түскен кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.СС.08.PRC.002) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша заңды тұлға туралы мәліметтер уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізіледі. Заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

31. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосу туралы хабарлама келіп түскен кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу туралы хабарлама алу" (Р.СС.08.ОПР.003) операциясы орындалады, оның орындалу барысында осы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

32. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.08.OPR.004) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша уақытша сақтау қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

33. Комиссияда ұлттық тізілімде қамтылған мәліметтерді өңдеу, заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосу және уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін Одақтың ақпараттық порталында жариялау "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу" (P.CC.08.PRC.001) рәсімінің орындалу нәтижелері болып табылады.

34. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу" (P.CC.08.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу" (P.CC.08.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы                                                                                                             | Сипаттамасы                                |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1                 | 2                                                                                                                 | 3                                          |
| P.CC.08.OPR.001   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосуға арналған мәліметтерді ұсыну                            | осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген  |
| P.CC.08.OPR.002   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген  |
| P.CC.08.OPR.003   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу туралы хабарлама алу                        | осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.004   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жариялау                                                       | осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген |

8-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосуға арналған мәліметтерді ұсыну" (P.CC.078.OPR.001) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы     |
|-------|--------------------|-----------------|
| 1     | 2                  | 3               |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.001 |
|       |                    |                 |



|   |                         |                                                                                                                                                                                                                   |
|---|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2 | Операцияның атауы       | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосуға арналған мәліметтерді ұсыну                                                                                                                            |
| 3 | Орындаушы               | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                                                                                                 |
| 4 | Орындау шарттары        | ұлттық тізілімге мәліметтерді қосу кезінде орындалады                                                                                                                                                             |
| 5 | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс                                                           |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Комиссияға беруге арналған, уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтерді қамтитын хабарды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қалыптастырады |
| 7 | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосуға арналған мәліметтер Комиссияға беріледі                                                                                                                |

9-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.002) операцияның сипаттамасы**

| Р/с № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                               |
|-------|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                  | 3                                                                                                                                                                                                                                         |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.002                                                                                                                                                                                                                           |
| 2     | Операцияның атауы  | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу                                                                                                                         |
| 3     | Орындаушы          | Комиссия                                                                                                                                                                                                                                  |
| 4     | Орындау шарттары   | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосуға арналған мәліметтерді алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосуға арналған мәліметтерді ұсыну" (P.CC.08.OPR.001) операциясы) |
|       |                    | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және                                                                                                                                                                |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5 | Шектеулер               | мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұсынады. Хабар мен электрондық құжат (мәліметтер) Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс. |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне заңды тұлға туралы мәліметтерді қосуды жүзеге асырады, заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосу туралы хабарламаны қалыптастырып, мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді                                                                                                    |
| 7 | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтер өңделді, заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді                                                                                                                                    |

10-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу туралы хабарлама алу" (P.CC.08.OPR.003) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы                                                                                                                                 |
|-------|--------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                  | 3                                                                                                                                           |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.003                                                                                                                             |
| 2     | Операцияның атауы  | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу туралы хабарлама алу                                                  |
| 3     | Орындаушы          | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                           |
|       |                    | орындаушы заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосу туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау |

|   |                         |                                                                                                                                             |
|---|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Орындау шарттары        | қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.002) операциясы)           |
| 5 | Шектеулер               | хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы хабарламаны қабылдауды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырады                                               |
| 7 | Нәтижелер               | мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама өңделді                                                                                      |


11-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.08.OPR.004) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементті белгілеу      | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                 |
|-------|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                       | 3                                                                                                                                                                                                                                           |
| 1     | Кодпен белгіленуі       | P.CC.08.OPR.004                                                                                                                                                                                                                             |
| 2     | Операцияның атауы       | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жариялау                                                                                                                                                                                 |
| 3     | Орындаушы               | Комиссия                                                                                                                                                                                                                                    |
| 4     | Орындау шарттары        | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне мәліметтерді қосу кезінде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосылатын заңды тұлға туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.002) операциясы) |
| 5     | Шектеулер               | —                                                                                                                                                                                                                                           |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Одақтың ақпараттық порталында уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің жариялануын қамтамасыз етеді                                                                                                                   |
| 7     | Нәтижелер               | енгізілген мәліметтерді қамтитын уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланды                                                                                                                 |

"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" ( P.CC.08.PRC.002) рәсімі

35. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.08.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы 6-суретте келтірілген.



6-сурет. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.08.PRC.002) рәсімінің орындалу схемасы

36. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" (P.CC.08.PRC.002) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге өзгерістер енгізген кезде орындалады.

37. Бірінші "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді ұсыну" (P.CC.08.PRC.005) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қалыптастырып, Комиссияға ұсынады.

38. Комиссияға уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтер келіп түскен кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" ( P.CC.08.PRC.006) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша тиісті

мәліметтер уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде жаңартылады. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

39. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама алу" (P.CC.08.OPR.007) операциясы орындалады, оның орындалу барысында осы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

40. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау" (P.CC.08.OPR.008) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

41. Ұлттық тізілімнен мәліметтердің Комиссияда өңделуі, кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізіліміне өзгерістер енгізілуі және өзгертілген мәліметтердің Одақтың ақпараттық порталында жариялануы "Кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.06.PRC.002) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

42. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.08.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 12-кестеде келтірілген.

12-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.CC.08.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы                                                                                                             | Сипаттамасы                                |
|-------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1                 | 2                                                                                                                 | 3                                          |
| P.CC.08.OPR.005   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді ұсыну               | осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.006   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.007   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама алу                        | осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген |
|                   |                                                                                                                   |                                            |

|                 |                                                                                     |                                            |
|-----------------|-------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| P.CC.08.OPR.008 | уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау | осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген |
|-----------------|-------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|

### 13-кесте

#### **"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді ұсыну" (P.CC.08.OPR.005) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементті белгілеу      | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                |
|-------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                       | 3                                                                                                                                                                                                          |
| 1     | Кодпен белгіленуі       | P.CC.08.OPR.005                                                                                                                                                                                            |
| 2     | Операцияның атауы       | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді ұсыну                                                                                                        |
| 3     | Орындаушы               | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                                                                                          |
| 4     | Орындау шарттары        | ұлттық тізілімге өзгерістер енгізу кезінде орындалады                                                                                                                                                      |
| 5     | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы<br>Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс                                                 |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Комиссияға беру үшін уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қамтитын хабарды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қалыптастырады |
| 7     | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтер Комиссияға берілді                                                                                             |

### 14-кесте

#### **"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу " (P.CC.08.OPR.006) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы                                                                                                       |
|-------|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                  | 3                                                                                                                 |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.006                                                                                                   |
| 2     | Операцияның атауы  | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|---|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 3 | Орындаушы               | Комиссия                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 4 | Орындау шарттары        | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді ұсыну" (Р.СС.08.ОПР.005) операциясы)                                                                                                                                                                                      |
| 5 | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары ұсынады. Хабар мен электрондық құжат (мәліметтер) Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс. |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізеді, уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді                                                                                                                                                                                                             |
| 7 | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтер өңделді, уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді                                                                                                                                                                                                                |

15-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама алу" (Р.СС.08.ОПР.007) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементтің белгіленуі | Сипаттамасы |
|-------|-----------------------|-------------|
| 1     | 2                     | 3           |
|       |                       |             |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Кодпен белгіленуі       | P.CC.08.OPR.007                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 2 | Операцияның атауы       | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама алу                                                                                                                                                                                    |
| 3 | Орындаушы               | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                                                                                                                                                             |
| 4 | Орындау шарттары        | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.006) операциясы) |
| 5 | Шектеулер               | хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс                                                                                                                                   |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы хабарламаны қабылдауды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырады                                                                                                                                                                                 |
| 7 | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізу туралы хабарлама өңделді                                                                                                                                                                                |

16-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау" (P.CC.08.OPR.008) операциясының сипаттамасы**


| Р/с № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                         |
|-------|--------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                  | 3                                                                                                                                                                                                   |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.008                                                                                                                                                                                     |
| 2     | Операцияның атауы  | уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау                                                                                                                 |
| 3     | Орындаушы          | Комиссия                                                                                                                                                                                            |
| 4     | Орындау шарттары   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізілген кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне өзгерістер енгізуге арналған мәліметтерді қабылдау |



|   |                         |                                                                                                                                                   |
|---|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                         | және өңдеу" (P.CC.08.OPR.006) операциясы)                                                                                                         |
| 5 | Шектеулер               | -                                                                                                                                                 |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтерінің Одақтың ақпараттық порталында жариялануын қамтамасыз етеді |
| 7 | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жаңартылған мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланды                                |

### "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.08.PRC.003) рәсімі

43. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.08.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы 7-суретте берілген.



7-сурет. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.08.PRC.003) рәсімінің орындалу схемасы

44. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.08.PRC.003) рәсімі ұлттық тізілімнен мәліметтерді алып тастау кезінде орындалады.

45. Бірінші "Заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді ұсыну" (P.CC.08.PRC.009) операциясы

орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді қалыптастырып, Комиссияға ұсынады.

46. Комиссияға заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтер келіп түскен кезде "Заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.PRC.010) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша тиісті заңды тұлға туралы ақпарат уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тасталады. Заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастау туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

47. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастау туралы хабарлама келіп түскен кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы хабарлама алу" (P.CC.08.OPR.0011) операциясы орындалады, оның орындалу барысында осы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

48. "Заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.010) операциясы орындалған жағдайда "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.08.OPR.012) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша уақытша сақтау қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланады.

49. Кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізілімінен заңды тұлғаны алып тастау туралы мәліметтердің Комиссияда өңделуі, кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізіліміне тиісті ақпараттық енгізілуі және кедендік тасымалдаушылардың жаңартылған жалпы тізілімінің Одақтың ақпараттық порталында жариялануы "Кедендік тасымалдаушылардың жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.06.PRC.003) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

50. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.08.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.CC.08.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы                                                  | Сипаттамасы |
|-------------------|--------------------------------------------------------|-------------|
| 1                 | 2                                                      | 3           |
|                   | заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы |             |

|                 |                                                                                                                            |                                            |
|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| P.CC.08.OPR.009 | тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді ұсыну                                                                      | осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.010 | заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.011 | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы хабарлама алу                         | осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.012 | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімін жариялау                                                    | осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген |

## 18-кесте

### **"Заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді ұсыну" (P.CC.08.OPR.009) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементті белгілеу      | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                             |
|-------|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                       | 3                                                                                                                                                                                                                       |
| 1     | Кодпен белгіленуі       | P.CC.08.OPR.009                                                                                                                                                                                                         |
| 2     | Операцияның атауы       | заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді ұсыну                                                                                                            |
| 3     | Орындаушы               | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                                                                                                       |
| 4     | Орындау шарттары        | ұлттық тізілімнен мәліметтерді алып тастау кезінде орындалады                                                                                                                                                           |
| 5     | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы<br>Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс                                                              |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Комиссияға беру үшін заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді қамтитын хабарламаны Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қалыптастырады |
| 7     | Нәтижелер               | заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтер Комиссияға берілді                                                                                                 |

## 19-кесте

**"Заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (Р.СС.08.ОПР.010) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементті белгілеу      | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------|-------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                       | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 1     | Кодпен белгіленуі       | Р.СС.08.ОПР.010                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 2     | Операцияның атауы       | заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 3     | Орындаушы               | Комиссия                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 4     | Орындау шарттары        | орындаушы заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді алған кезде орындалады ("Заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған мәліметтерді ұсыну" (Р.СС.08.ОПР.009) операциясы)                                                                                                                                                                  |
| 5     | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары береді. Хабар мен электрондық құжат (мәліметтер) Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастайды, заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастау туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді                                                                                                                                                                                         |
|       |                         | заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастауға арналған                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |

|   |           |                                                                                                                                                                   |
|---|-----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 7 | Нәтижелер | мәліметтер өңделді, заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастау туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді |
|---|-----------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

20-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы хабарлама алу" (P.CC.08.OPR.011) операцияның сипаттамасы**

| Р/с № | Элементті белгілеу      | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                       | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 1     | Кодпен белгіленуі       | P.CC.08.OPR.011                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 2     | Операцияның атауы       | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алып тастау туралы хабарлама алу                                                                                                                                                                                             |
| 3     | Орындаушы               | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 4     | Орындау шарттары        | орындаушы заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алып тастау туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны алып тастауға арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.010) операциясы) |
| 5     | Шектеулер               | хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс                                                                                                                                                    |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы хабарламаны қабылдауды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырады                                                                                                                                                                                                  |
| 7     | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді алу туралы хабарлама өңделді                                                                                                                                                                                                 |

21-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімін жариялау" (P.CC.08.OPR.012) операциясының сипаттамасы**


| Р/с № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы |
|-------|--------------------|-------------|
|-------|--------------------|-------------|

| 1 | 2                       | 3                                                                                                                                                                                                                                            |
|---|-------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Кодпен белгіленуі       | P.CC.08.OPR.012                                                                                                                                                                                                                              |
| 2 | Операцияның атауы       | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімін жариялау                                                                                                                                                                      |
| 3 | Орындаушы               | Комиссия                                                                                                                                                                                                                                     |
| 4 | Орындау шарттары        | Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімі жаңартылған кезінде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен заңды тұлғаны алып тастауға арналған мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.010) операциясы) |
| 5 | Шектеулер               | —                                                                                                                                                                                                                                            |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімінің Одақтың ақпараттық порталында жариялануын қамтамасыз етеді                                                                                                        |
| 7 | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жаңартылған жалпы тізілімі Одақтың ақпараттық порталында жарияланды                                                                                                                                       |

## 2. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну рәсімдері

### "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.004) рәсімі

51. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.004) рәсімінің орындалу схемасы 8-суретте берілген.



8-сурет. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.004) рәсімінің орындалу схемасы

52. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.004) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің жай-күйі (соңғы жаңарту күні мен уақыты) туралы ақпаратты Комиссияда сақтаулы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алынған тиісті ақпаратпен сәйкестендіру қажеттігін бағалау мақсатында орындалады.

53. Бірінші "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.08.OPR.013) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алуға сұрау салуды қалыптастырады және оны Комиссияға жібереді.

54. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.CC.08.OPR.014) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жай-күйі (соңғы жаңарту күні мен уақыты) туралы ақпарат қалыптастырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі.

55. Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жай-күйі (соңғы жаңарту күні мен уақыты) туралы ақпарат мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен

кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.015) операциясы орындалады.

56. Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің жай-күйі (соңғы жаңарту күні мен уақыты) туралы ақпаратты мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.004) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

57. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 22-кестеде келтірілген.

22-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы                                                                                                           | Сипаттамасы                                |
|-------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1                 | 2                                                                                                               | 3                                          |
| P.CC.08.OPR.013   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу          | осы Қағидалардың 23-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.014   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну    | осы Қағидалардың 24-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.015   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 25-кестесінде келтірілген |

23-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.08.OPR.013) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы                                                                                              |
|-------|--------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                  | 3                                                                                                        |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.013                                                                                          |
| 2     | Операцияның атауы  | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу |
| 3     | Орындаушы          | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                        |
|       |                    | мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақтаулы уақытша сақтау                        |



|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                         |
|---|-------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Орындау шарттары        | қоймалары иелері жалпы тізілімінің жай-күйі (соңғы жаңарту күні мен уақыты) туралы ақпаратты Комиссияда сақтаулы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен алынған тиісті ақпаратпен үндестіру қажет болған кезде орындалады |
| 5 | Шектеулер               | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс                                                                                            |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін соңғы жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді                          |
| 7 | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін соңғы жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу Комиссияға жіберілді                                                                                                       |

24-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.CC.08.OPR.014) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|-------|--------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                  | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.014                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 2     | Операцияның атауы  | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну                                                                                                                                                                      |
| 3     | Орындаушы          | Комиссия                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| 4     | Орындау шарттары   | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салуды алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.08.OPR.013) операциясы) |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                             |
|---|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 5 | Шектеулер               | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұратады |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды өндеуді жүзеге асырады, сұрау салуға жауапты қалыптастырады және жібереді                                                                                      |
| 7 | Нәтижелер               | мүше мемлекеттің уәкілетті органына уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін соңғы жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қамтитын хабар жіберілді                                                                              |

25-кесте


**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өндеу" (P.CC.08.OPR.015) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-------|--------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                  | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.015                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 2     | Операцияның атауы  | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қабылдау және өндеу                                                                                                                                                                           |
| 3     | Орындаушы          | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                                                                                                                                                                         |
| 4     | Орындау шарттары   | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты қамтитын хабар алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты өндеу және ұсыну" (P.CC.08.OPR.014) операциясы) |
| 5     | Шектеулер          | ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс                                                                                                                                   |

|   |                         |                                                                                                                                       |
|---|-------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы алынған ақпаратты өңдеуді жүзеге асырады. |
| 7 | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін соңғы жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алынды                                |

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC.08.PRC.005 ) рәсімі**

58. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC .08.PRC.005) рәсімінің орындалу схемасы 9-суретте берілген.



9-сурет. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу" ( P.CC.08.PRC.005) рәсімінің орындалу схемасы

59. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC .08.PRC.005) рәсімі уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы мақсатында орындалады.

60. Бірінші "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу" (P.CC.08.OPR.016) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға

жібереді. Берілген параметрлерге қарай сұрау салудың 2 түрі қалыптастырылуы мүмкін :

уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде бар мәліметтерді толық көлемде алуға (тарихи деректер ескеріле отырып) сұрау салу;

белгілі бір күндегі жағдай бойынша көрсетілген мәліметтерді алуға сұрау салу.

61. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің мәліметтерін өңдеу және беру" (P.CC.08.OPR.017) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша сұрау салынатын мәліметтер қалыптастырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберіледі.

62. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер мүше мемлекеттің уәкілетті органына келіп түскен кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.018) операциясы орындалады.

63. Уәкілетті органының уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді мүше мемлекеттің алуы "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC.08.PRC.005) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтер болмаған кезде мұндай мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама қалыптастырылады.

64. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC.08.PRC.005) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 26-кестеде келтірілген.

26-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу" (P.CC.08.PRC.005) рәсімінің шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

|                 | Атауы                                                                                  | Сипаттамасы                                |
|-----------------|----------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1               | 2                                                                                      | 3                                          |
| P.CC.08.OPR.016 | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу           | осы Қағидалардың 27-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.017 | уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің мәліметтерін өңдеу және ұсыну        | осы Қағидалардың 28-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.018 | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді қабылдау және талдау | осы Қағидалардың 29-кестесінде келтірілген |

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу" (Р.СС.08 .OPR.016) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементті белгілеу      | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|-------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                       | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 1     | Копен белгіленуі        | Р.СС.08.OPR.016                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 2     | Операцияның атауы       | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 3     | Орындаушы               | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 4     | Орындау шарттары        | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алу қажет болған кезде орындалады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| 5     | Шектеулер               | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді толық көлемде алу (тарихи деректер ескеріле отырып) қажет болған кезде сұрау салуда жаңарту күні көрсетілмейді. Белгілі бір күндегі жағдай бойынша мәліметтер алу қажет болған кезде сұрау салуда жаңарту күні көрсетілуге тиіс. Белгілі бір мүше мемлекеттер ұсынған мәліметтердің негізінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген мәліметтерді алу қажет болған кезде сұрау салуда осы мүше мемлекеттердің кодтары көрсетіледі. |
| 7     | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |

|  |                                                 |
|--|-------------------------------------------------|
|  | мәліметтерге сұрау салу<br>Комиссияға жіберілді |
|--|-------------------------------------------------|

28-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің мәліметтерін өңдеу және ұсыну" (P.CC.08.OPR.017) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементті белгілеу      | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|-------|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                       | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 1     | Кодпен белгіленуі       | P.CC.08.OPR.017                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 2     | Операцияның атауы       | уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің мәліметтерін өңдеу және ұсыну                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 3     | Орындаушы               | Комиссия                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| 4     | Орындау шарттары        | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салуға алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерге сұрау салу" (P.CC.08.OPR.016) операциясы)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| 5     | Шектеулер               | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұратады                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, сұрау салуда көрсетілген параметрлерге сәйкес уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына береді. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен толық ақпарат беру кезінде тарихи деректермен қоса, тізілімде сақтаулы барлық жазбаларды беру жүзеге асырылады. Көрсетілген күндегі жағдай бойынша мәліметтерді ұсыну кезінде сұрау салуда көрсетілген күндегі жағдай бойынша уақытша сақтау |

|   |           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|---|-----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |           | қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді іріктеу жүзеге асырылады. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер іріктеу барлық елдер бойынша не сұрау салуда көрсетілген мүше мемлекеттер елдерінің кодтары ескеріле отырып, жүзеге асырылады. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтер болмаған кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органына сұрау салынған мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберіледі. |
| 7 | Нәтижелер | мүше мемлекеттің уәкілетті органына уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер ұсынылды немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жіберілді                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |

29-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді қабылдау және талдау" (P.CC.08.OPR.018) операциясының сипаттамасы**


| Р/с № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                                          |
|-------|--------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                  | 3                                                                                                                                                                                                                                    |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.018                                                                                                                                                                                                                      |
| 2     | Операцияның атауы  | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді қабылдау және талдау                                                                                                                                               |
| 3     | Орындаушы          | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                                                                                                                    |
| 4     | Орындау шарттары   | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелері |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                             |
|---|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                         | жалпы тізілімінің мәліметтерін өңдеу және ұсыну" (P.CC.08.OPR.017) операция)                                                                                                                                                                                |
| 5 | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің немесе сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаның форматтары мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алады және оларды өңдеуді жүзеге асырады.                                    |
| 7 | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер не сұрау салу параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама өңделді                                                                                           |

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.006) рәсімі**

65. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.006) рәсімінің орындалу схемасы 10-суретте берілген.





10-сурет. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.006) рәсімінің орындалу схемасы

66. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.006) рәсімі уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне қосу немесе оларға өзгерістер енгізу сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейін болған мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы мақсатында орындалады. Рәсім, егер "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.004) рәсімін орындаудың нәтижесінде уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының соңғы алу күні мен уақыты уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің Комиссияда соңғы өзгеру күні мен уақытынан ерте болып табылатыны анықталған болса, орындалады.

67. Бірінші "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.08.OPR.019) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алуға сұрау салу қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

68. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің өзгертілген мәліметтері туралы ақпаратты өңдеу және ұсыну" (P.CC.08.OPR.020) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері

бойынша сұрау салуда көрсетілген күннен бастап уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер қалыптастырылады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріледі немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама жібереді.

69. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер не сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама келіп түскен кезде "Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің өзгертілген мәліметтері туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.021) операциясы орындалады, оның орындалу нәтижелері бойынша уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органы мен Комиссия арасында үйлестіру жүзеге асырылады.

70. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органының алуы және уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органы мен Комиссияның арасында үндестіруі "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.006) рәсімінің орындалу нәтижесі болып табылады.

71. "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.006) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 30-кестеде келтірілген.

30-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу" (P.CC.08.PRC.006) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

| Кодпен белгіленуі | Атауы                                                                                                          | Сипаттамасы                                |
|-------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------|
| 1                 | 2                                                                                                              | 3                                          |
| P.CC.08.OPR.019   | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу          | осы Қағидалардың 31-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.020   | уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің өзгертілген мәліметтері туралы ақпаратты өңдеу және беру     | осы Қағидалардың 32-кестесінде келтірілген |
| P.CC.08.OPR.021   | уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің өзгертілген мәліметтері туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу | осы Қағидалардың 33-кестесінде келтірілген |

31-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.08.OPR.019) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементті белгілеу      | Сипаттамасы                                                                                                                                                                                                 |
|-------|-------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                       | 3                                                                                                                                                                                                           |
| 1     | Кодпен белгіленуі       | P.CC.08.OPR.019                                                                                                                                                                                             |
| 2     | Операцияның атауы       | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу                                                                                                       |
| 3     | Орындаушы               | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                                                                                           |
| 4     | Орындау шарттары        | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алу қажет болған кезде орындалады                                                                                  |
| 5     | Шектеулер               | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс                                                                |
| 6     | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді |
| 7     | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алуға сұрау салу Комиссияға жіберілді                                                                              |

32-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің өзгертілген мәліметтері туралы ақпаратты өңдеу және беру" (P.CC.08.OPR.020) операциясының сипаттамасы**

| P/c № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы                                                                                                |
|-------|--------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1     | 2                  | 3                                                                                                          |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.020                                                                                            |
| 2     | Операцияның атауы  | уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің өзгертілген мәліметтері туралы ақпаратты өңдеу және беру |
| 3     | Орындаушы          | Комиссия                                                                                                   |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|---|-------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Орындау шарттары        | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпарат алуға сұрау салуды алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы ақпаратқа сұрау салу" (P.CC.08.OPR.019) операциясы)                                                                                    |
| 5 | Шектеулер               | сұрау салудың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Авторландыру талап етіледі, мәліметтерді тек мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары сұратады                                                                                                                            |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес алынған сұрау салуды өңдеуді жүзеге асырады, Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны қалыптастырады және мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді |
| 7 | Нәтижелер               | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтер немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарлама мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберілді                                                                                                                             |

33-кесте

**"Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің өзгертілген мәліметтері туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу" (P.CC.08.OPR.021) операциясының сипаттамасы**

| Р/с № | Элементті белгілеу | Сипаттамасы                                          |
|-------|--------------------|------------------------------------------------------|
| 1     | 2                  | 3                                                    |
| 1     | Кодпен белгіленуі  | P.CC.08.OPR.021                                      |
| 2     | Операцияның атауы  | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің |

|   |                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|---|-------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |                         | өзгертілген мәліметтері туралы ақпаратты қабылдау және өңдеу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| 3 | Орындаушы               | мүше мемлекеттің уәкілетті органы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 4 | Орындау шарттары        | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны қамтитын хабарды алған кезде орындалады ("Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің өзгертілген мәліметтері туралы ақпаратты өңдеу және беру" (P.CC.08.OPR.020) операциясы)                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| 5 | Шектеулер               | ұсынылатын мәліметтердің немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаның форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 6 | Операцияның сипаттамасы | орындаушы уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді немесе сұрау салудың параметрлерін қанағаттандыратын мәліметтердің жоқ екендігі туралы хабарламаны алады және оларды өңдеуді жүзеге асырады. Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізіліміне енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді алу кезінде өңдеу мына қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады:<br>уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің алынған өзгертілген мәліметтерінің құрамында бар және мүше мемлекеттің уәкілетті органында жоқ уақытша сақтау қоймаларының иелері туралы мәліметтер мүше мемлекеттің уәкілетті органында сақтаулы |

|   |           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|---|-----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   |           | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің мәліметтеріне қосылады<br>уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің алынған өзгертілген мәліметтерінің құрамында бар және мүше мемлекеттің уәкілетті органында сақтаулы, уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің мәліметтерінде бар уақытша сақтау қоймаларының иелері туралы туралы мәліметтер жаңартылып отырады (жаңартылады). |
| 7 | Нәтижелер | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінің мәліметтері Комиссия мен мүше мемлекеттің уәкілетті органы арасында үндестірілді                                                                                                                                                                                                                                                                          |

## IX. Ерекше жағдайлардағы іс-қимыл тәртібі

72. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде әдеттегі режимде деректерді өңдеу мүмкін болмайтын ерекше жағдайлар орын алуы ықтимал. Бұл техникалық ақаулар, құрылымдық және логикалық бақылау қателері пайда болған кезде және өзге де жағдайларда туындауы мүмкін.

73. Құрылымдық және логикалық бақылау қателері пайда болған кезде мүше мемлекеттің уәкілетті органы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес қате туралы хабарлама алынған хабарға қатысты Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына және хабарларды бақылауға қойылатын талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады. Мәліметтердің көрсетілген құжаттардың талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органы белгіленген тәртіпке сәйкес анықталған қатені жою үшін қажетті шараларды қабылдайды.

74. Ерекше жағдайларды шешу мақсатында мүше мемлекеттер бір-бірін және Комиссияны осы Қағидаларда көзделген талаптарды орындау құзыретіне жататын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары туралы хабардар етеді, сондай-ақ жалпы процесті іске асыру кезінде техникалық қолдауды қамтамасыз етуге жауапты адамдар туралы мәліметтерді ұсынады.

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2015 жылғы 28 қыркүйектегі  
№ 126 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл РЕГЛАМЕНТІ**

## **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Регламент Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

## **II. Қолданылу аясы**

1. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылардың "Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесінің транзакцияларын орындау тәртібі мен шарттарын (бұдан әрі – жалпы процесс), сондай-ақ оларды орындау кезіндегі өздерінің рөлін біркелкі түсінуін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

2. Осы Регламент жалпы процеске қатысушылар арасында ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыруға тікелей бағытталған, жалпы процесс операцияларын орындау тәртібі мен шарттарына қойылатын талаптарды айқындайды.

3. Осы Регламентті жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ осы жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер құрамдастарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде жалпы процеске қатысушылар қолданады.

## **III. Негізгі ұғымдар**

1. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"аутентификациялау" – жалпы процеске қатысушы ұсынған және оны бірегей сәйкестендіретін белгінің осы жалпы процеске қатысушыға тиесілігін тексеру және оның теңтүпнұсқалылығын растау;

"бастамашы" – жалпы процесс транзакцияларын орындауды бастайтын ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушы;

"электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемесі" - белгілі бір түпмәтінде бөлінбейтін болып саналатын электрондық құжат (мәліметтер) деректерінің бірлігі;

"респондент" – жалпы процесс транзакциясының бастамашысынан хабар қабылдайтын және жалпы процесс транзакциясының шаблонында айқындалған сценарий бойынша оған ден қоятын ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушы;

"ақпараттық объектінің жай-күйі" – жалпы процесс операцияларын орындау кезінде өзгертін, жалпы процесс рәсімдерін орындаудың белгілі бір кезеңінде ақпараттық объектіні сипаттайтын қасиет;

"жалпы процесс транзакциясы" – әрбір қатысушы өзінің жалпы процесс операциясы шеңберінде жүзеге асыратын, екі қатысушы арасындағы қарапайым өзара ақпараттық іс-қимыл.

Осы Регламентте пайдаланылатын өзге де ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 126 шешімімен бекітілген " Уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары) 4-тармағында айқындалған мағыналарында қолданылады.

#### **IV. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы негізгі мәліметтер 1. Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар**

1. Жалпы процесс шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

##### **Ақпараттық өзара іс-қимылға қатысушылар рөлдерінің тізбесі**

| Рөлдің атауы | Рөлдің сипаттамасы                                                                                                                  | Рөлді орындайтын қатысушы |
|--------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------|
| 1            | 2                                                                                                                                   | 3                         |
|              | ұлттық тізілімді жүргізуді, Еуразиялық экономикалық комиссияға уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру үшін |                           |



|                                                        |                                                                                                                                                                       |                                                                                    |
|--------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------|
| Ұлттық тізілімнің иесі                                 | ақпарат беруді, сұрау салуларды қалыптастыруды және уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінен мәліметтер алуды жүзеге асырады                              | Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті органы (P.CC.08.ACT.001) |
| Уақытша сақтау қоймалары иелері жалпы тізілімінің иесі | уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыруды жүзеге асырады, уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсынады | Еуразиялық экономикалық комиссия (P.ACT.001)                                       |


## 1. Ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы

1. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – мүше мемлекеттің уәкілетті органы, Комиссия) арасындағы жалпы процесс шеңберіндегі өзара іс-қимыл жалпы процесс рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады:

уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімін қалыптастыру және жүргізу кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл;

мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына уақытша сақтау қоймалары иелерінің жалпы тізілімінде қамтылған мәліметтерді ұсыну кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл.

Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы 1-суретте келтірілген.



1-сурет. Мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың құрылымы

